

**Нурекешов Талап Кайратовичтің, «Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері», 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына
АННОТАЦИЯ**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі уақытта энергетикалық қатынастардың рөлі мен маңызы артып келеді.

Адамзат өркениетінің дамуының бүкіл тарихы әлемнің энергетикалық қайта құрылу процессі болып табылады. Соған байланысты энергияға тек техникалық жағынан қараудың дұрыс емес екенін атап өтуіміз қажет.

Сарапшылардың пікірінше энергетика мәселелері әлемдік саясаттың ұзақ мерзімдік басымдығы болып табылады. Энергия қорларымен қамтамасыз етудің сенімділігі мәселесі әлемдік саясаттың күн тәртібіндегі ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр; қазіргі мемлекеттердің басым көпшілігі өзінің өмір сүруінің өзін осы мәселенің шешілу болашағымен байланыстырады

Энергетика саласы өнімдерінің ерекшелігі-энергияның барлық түрлері-энергетика саласын экономиканың базалық, жүйе құрушы саласы ретінде танылуын, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің күрделі көп салалы фактор ретінде ұлттық экономикалардың өз халқының қажеттіктерін белгілі бір деңгейде теңгермешіл қанағаттандыру, тұрақсыздандырушы факторларға қарсы тұру (ішкі және сыртқы), сондай-ақ әлемдік шаруашылық жүргізу жүйесінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатымен кеңейтілген қайта өндіруге мүмкіншілігімен сипатталатын күрделі көп факторлы жүйе екендігімен негізделеді.

Қазақстанда энергетика бағыты елдің әлеуметтік-экономикалық өмірінің алдыңғы буындарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы жоғарғы көлемде энергияны алып жүрушілерді экспорттау есебінен дамып келеді.

Энергетиканы дамыту мен Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешудің басым бағыттарының бірі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, энергияны және қорды үнемдеу бағдарламаларын іске асыру болып табылады. Біздің еліміздің алған бағыты бағдарламалық-саяси құжаттарда айқын көрсетілген. Мысалы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіп революциясы жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында былай көрсетіледі: «Кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуіне қойылатын талаптар күшейтілуі, сондай-ақ энергия өндірушілердің өздерінің жұмысының экологиялылығы мен тиімділігі маңызды».

Балама, «таза» энергия саласындағы прогрестің қаншалықты қарыштап дамып келе жатқандығын Астана қаласында өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі көрсетті.

Мемлекет жаңартылатын энергия көздерінен энергияның үлес салмағын арттыру үшін кешенді шаралар қолданып келеді ол үшін 2009 жылы ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңы қабылданды. Амбициялы мақсаттар қойыла отырып, балама және жаңартылатын электр энергиясының үлес салмағын 2050 жылға қарай 50% жеткізуді көдеп отыр.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға ынталандырып отырған тағы да бір мәселе Қазақстанда 1992 жылғы деңгеймен салыстырсақ өзінің қалдықтарды шығару көлемін 15% қысқартуға міндеттеме алғаны болып отыр. Бұл мақсатқа тек экономиканың энергия сыйымдылығын төмендету есебінен қол жеткізу мүмкін емес. Қазақстан үшін жаңартылатын энергия көздерінің рөлі елеулі маңызға ие.

Сонымен қатар, Қазақстанның дамуының қазіргі кезеңінде балама энергетика елдің энергия қажеттігін жеткілікті деңгейде қамтамасыз ете алмайды. Көптеген шет елдік зерттеушілер атап көрсеткендей дәстүрлі энергетиканың рөлі әлі де болса маңызды көлемде болып қалып отыр.

«Энергияны сақтауға, күн және жел балама энергетикасын дамытуға үлкен үміт артуға болады, бірақ мұның барлығы әлемнің өсіп келе жатқан қажеттіктерін толық қанағаттандыра алмайды».

Сонымен қатар мұндай технологияларды енгізудің кейбір тиімсіз факторларының да бар екені жасырын емес: лек тығыздығының шағындығы (жалпы қуатының) және мұндай энергия көздерінің уақыт өлшемі бойынша өзгергіштігі, мұның өзі олардың өздік құнының жоғары болумен, дәстүрлі энергия қондырғыларымен салыстырғанда салынатын қорлардың жалпы көлемінің артатынымен негізделеді. Мысалы, Англиядағы ғылым мен техника бойынша комитет мұндай энергия көздерін игерудің болашағына талдау жасай келе оларды қазіргі заманғы технологиялар негізінде пайдалану АЭС салудан қазіргі таңда кемінде екі-төрт есеге қымбатқа түседі деген қорытындыға келді. Сонымен, балама энергетика дәстүрлі энергетиканы тек бөлінген энергия жағынан ғана алмастыра алады (демек орталықтандырылған энергиямен қамтамасыз ету тиімді болып табылмайтын жерлерде-алыс ауылдарда, селоларда немесе өңірлерде. Мұндай жерлерде тиісті қорлар- жел, күн, биокорлар болған жағдайда балама энергетика объектілері неғұрлым нәтижелі болады). Дәстүрлі энергетиканы балама энергетикамен алмастыру-бұл экономикалық тиімділік мәселесіне келіп тіреледі.

Мұндай жағдайдан шығудың бірден-бір жолы дәстүрлі және балама энергетиканың оптималды тепе-теңдігін қалыптастыру екені сөзсіз.

Энергетика саласындағы қоғамдық қатынастардың дамуы, сондай-ақ осы салаға ықпал ететін жаңа объективті және субъективті факторлардың пайда болуы түптің түбінде оны ғылыми-құқықтық ой елегінен өткізуді белсенділендіру қажеттігін талап етеді.

Қазақстанның энергетика саласының динамикалық дамуы энергетика саласындағы барлық қатысушылардың мүдделерінің тепе-теңдігін

қамтамасыз етуі тиіс нормативтік-құқықтық базаны үздіксіз жетілдіріп отыру қажеттігін негіздейді.

Осының барлығы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жаңдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін одан әрі жетілдірудің осы саладағы іргелі ғылыми зерттеулердің одан әрі жалғастырылуына тәуелді болатынын көрсетеді. Бұдан энергетикалық қатынастар субъектілерінің мүдделер тепе-теңдігін қамтамасыз ету әдістерін іздестіру қажеттігі туындайды.

Соған байланысты энергетика саласының маңызды топтамасы ретінде дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігінің құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу үлкен өзектілікке ие мәселеге айналады.

Құқықтық нақтылықтың жоғарыда атап көрсетілген мәселелері мен жағдайлары диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен ғылыми құндылығын негіздейді. Бұл факторлар тақырыпты таңдап алу, диссертациялық зерттеудің бағыттарын, оның ерекшеліктерін, құрылымы мен әдіснамасын таңдап алу үшін негіз болды.

Тақырыптың құрастырылу деңгейі. Дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз ету мәселесі қазақстанның құқықтық ғылымында ең аз зерттелген бағыттардың бірі болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктері мәселелерін жүйелі түрде ашып көрсететін кешенді зерттеулер жүргізілген жоқ, мұның өзі алынған зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңашылдығы мен маңызын анықтап береді.

Осы диссертациялық зерттеудің тақырыбына қатысты жекелеме мәселелер қазақстандық құқықтық ғылымда, оның ішінде С.Д. Бекишеваның, Л.К. Еркінбаеваның, А.А. Мукашеваның жұмыстарында зерттелген.

Қазіргі таңда бірнеше ғылыми зерттеулер мен арнайы жұмыстар, оның ішінде оқу процесіне арналған жұмыстар бар, оларда энергетикалық құқық пен оның мазмұнын түсіндіру, ой елегінен өткізу әрекеттері жасалынған. Олардың ішінде келесі ғалымдардың жұмыстарын атап көрсетуге болады П. Г. Лахно, М. И. Клеандров, А.П. Вершинина, В. В. Бушуев, С.С. Занковский, С.С. Силиверстов, С.А. Свирков, В. Ф. Попондопуло, О. А. Городов, С.В. Матиящук.

Энергетиканың құқықтық мәселелері бірнеше диссертациялық зерттеулерден көрініс тапқан. Олардың ішінде заң ғылымдарының кандидаты ғылыми атағына ізденіс жұмыстары бойынша келесі диссертацияларды атап көрсетуге болады С. В. Матиящук, С. С. Силиверстов, О. А.Двинин, Э. О.Мамедова, С. О.Рецлов, Е. В. Кудряшов, С. Н. Новикова.

Шет елдік табиғат қорлары мен эколого-құқықтық ғылымда энергетикалық қауіпсіздік саласындағы басты теориялық ережелер С.А. Боголюбов, М.М. Бринчук, Г.Е. Быстров, М.И. Васильева, О.Л. Дубовик, Н.Г. Жаворонкова, О.С. Колбасов, В.В. Петров, Ю.Г. Шпаковский және өзге де

авторлар сияқты белгілі құқықтанушы ғалымдардың еңбектерінде келтірілген.

Сондай-ақ қауіпсіздіктің жалпы мәселелері мен оны құқықтық реттеу саласының С.В. Матиящук, Н.А. Маляр, А.И. Стахов, Л.А. Цисар және т.б. мамандарының жұмыстары мен теориялық тұжырымдамалары зерттелді.

Қазақстандық ғалымдарға келетін болсақ эколого-энергетикалық қауіпсіздік негіздері (Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д., Абдраимова М.Ж.); экологиялық зиянның орынын толтырудың құқықтық институты (Абдраимов Б.Ж.); жер қойнауын пайдаланудың құқықтық жақтары (Елюбаев Ж.С., Мухитдинов Н.Б., Мауленов К., Мороз С.П.); жер қатынастарының экономикалық тетіктерінің негізі мен мазмұны (Бектурганов А.Е., Дусипов Е.Ш., Косанов Ж.К., Хаджиев А.Х., Холмуминов Ж.Т.); су қауіпсіздігінің құқықтық жақтары (Мукашева А.А.), аграрлық қатынастар мен азық-түлік қауіпсіздігін ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету (Еркинбаева Л.К.), ветеринарлық қауіпсіздіктің құқықтық негіздері (Калымбек Б.) және т.б. құрастырылымдары жасалынған.

Зерттеу объектісі - эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағынан дәстүрлі және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану кезінде пайда болатын құқықтық қатынастар болып табылады.

Зерттеу объектісі құқықтық қатынастардың осы саласын реттейтін құқықтық нормалар, құқықты қолдану тәжірибесі, сондай-ақ зерттелетін сала бойынша ғылыми ізденістер құрайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі тұжырымдамасы негізінде дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін жетілдірудің өзекті ғылыми-тәжірибелік мәселелерін шешу болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешуді қарастырады:

- энергетикалық құқық ұғымын, пәнін, әдісін және эколого-энергетикалық қауіпсіздік ұғымын анықтау;
- дәстүрлі және балама энергетиканың дамуын құқықтық реттеу бойынша шет елдік тәжірибелерді жинақтау және талдау;
- Евразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде энергетикалық нарықтың қызмет етуін құқықтық реттеуді талдау;
- Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайындағы дәстүрлі және балама энергетиканың дамуының тепе-теңдігін реттейтін қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамаларындағы кемшіліктерді, ақтаңдақтарды, қарама-қайшылықтарды анықтау;
- балама энергетиканы дамыту, энергияның тиімділігі және энергияны үнемдеу жағынан алып қарағандағы Қазақстан Республикасы заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастыру;
- Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайындағы дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін құқықтық қамтамасыз етуді дамыту бойынша кешенді іс-шаралар құрастыру.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін нақтылық пен оның динамикасын объективті және жан-жақты зерттеу әдісі ретінде жалпы ғылыми диалектикалық әдіс құрайды.

Зерттеуді жүргізу кезінде келесі ғылыми әдістер қолданылды: формальды-логикалық, тарихи-құқықтық, жүйелі-талдаушылық, салыстырмалы-құқықтық және нақтылы-әлеуметтік.

Зерттеудің нормативтік негізін ҚР қолданыстағы заңнамалары, халықаралық шарттар мен стандарттар, халықаралық ұйымдар актілері, ұжымдық шарттар, әлеуметтік әріптестік туралы шарттар ережелері құрайды. Автор диссертацияны әзірлеу кезінде ҚР Конституциясының, заңнамалары мен заңға тәуелді актілерінің, ҚР ратификациялаған халықаралық шарттардың, бірнеше шет елдердің энергетикалық заңнамаларын пайдаланды (ЕЭО, ЭЫДҰ).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін тұңғыш рет кешенді зерттеу болып табылатындығында.

Автор қазіргі заманғы энергетикалық қатынастарды негізге ала отырып Қазақстанның энергетикалық құқығының қазіргі заманғы тұжырымдамасын құрастыру әрекетін жасады. Тұңғыш рет диссертациялық деңгейде қолданыстағы заңнамалар мен құқықты қолдану тәжірибесін есепке ала отырып Қазақстан Республикасының Энергетикалық кодексін құрастырудың бұдан арғы болашағы туралы ғылыми негізделген ұсыныстар жасалынды.

Ғылыми жаңашылдығы атом электр станцияларын, шағын гидроэлектр станцияларын, биогаз қондырғыларын, жел электр станцияларын салу, орналастыру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғауға қатысты эколого-энергетикалық заңнамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастырудан, сондай-ақ Қазақстан Республикасында дәстүрлі және балама энергетиканы дамыту бойынша іс-шаралар кешенін құрастырудан тұрады.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін жүзеге асыру дәстүрлі және жаңартылатын энергетика қорларын пайдалануды қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғауды, қазақстан халқының өмірі мен денсаулығын қорғауды, энергия мен қорларды үнемдеу бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін болады. Сондықтан да жұмыс ұлттық көлемдегі маңызға ие болады. Сонымен қатар осы ғылыми зерттеудің маңыздылығы жаңартылатын энергетика саласының маңыздылығымен анықталады, ол қазіргі таңда болашағы зор және инвестиция салу жағынан энергетика саласының қызығушылық тудырғыш бағыты болып табылады демек, бұл жұмыс халықаралық көлемде де үлкен маңызға ие болады.

Диссертацияның қорғауға шығарылатын негізгі ережелері. Құқықтық доктринада, қолданыстағы халықаралық актілерде және нормативтік-құқықтық актілерде қалыптасқан ғалымдардың түрлі көзқарастарымен танысу негізінде автор келесі қорытындыларға келеді:

1. Доктриналық және нормативтік - құқықтық көздерге жасалған талдау энергетикалық құқық, энергетикалық қатынастар және эколого-энергетикалық қауіпсіздік ұғымдарына авторлық анықтамалар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Энергетикалық құқық - энергетикалық қорлардың өндірісі мен пайдаланылуын, энергетикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін және экономика жүйесінде энергетикалық нарықтың қызмет етуінің өндірісі мен пайдаланылуына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі ретінде көрініс табатын құқықтың кешенді саласы.

- Энергетикалық құқықтың кешенді сипаты мен табиғаты негізделген, себебі оның пәні энергетикалық қорларды өндіру, бөлу, тұтыну және басқарудың бірыңғай жүйесінің шеңберінде қалыптасады, оларды реттейтін құқықтық нормалардың тек жария немесе тек дербес құқық саласына ғана қатыстылығы ретінде анықталуы да мүмкін емес.

- Энергетикалық құқықтың пәні энергетикалық қатынастар болып табылады, ол энергетикалық қорларды пайдалану және өндірумен байланысты энергетикалық нарық субъектілерінің экономикалық қызметі барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар ретінде түсіндіріледі.

- Энергетикалық құқықтың әдісі императивті және диспозитивті құқықтық реттеу әдістерін, жария құқық пен дербес құқықтық бастамалар әдістерін үйлестіру болып табылады.

- Энергетикалық қауіпсіздік - тұрғындардың, әлеуметтік-мәдени маңызы бар объектілердің, өнеркәсіптің және көліктің ұзақ мерзімдік қалыпты және төтенше жағдайлар кезеңінде қоршаған ортаны қорғау мен өнеркәсіп қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі жағдайында қорғалуы.

- Эколого-энергетикалық қауіпсіздік - қоршаған орта мен энергетикалық инфрақұрылымның қорғалуы жағдайын, эколого-энергетикалық қатынастар субъектілерінің және экономика салалары мүдделерінің келісіміне қол жеткізілуін, экологиялық жүйенің оптималды жағдайын қолдау бойынша нәтижелі қызмет етуді және тұлға мен қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін институттар мен жағдайлар жүйесі.

2. Диссертацияда дәстүрлі және баламалы энергетиканың дамуы мен пайдаланылуын реттейтін заңнамалардың ұғымдық аппаратына терең талдау жасалынған. Құқықтық актілерде кездесетін санаттардың салааралық сипатын мұқият зерттеу келесі ұғымдарға авторлық анықтамалар қалыптастыруға мүмкіндік берді:

- «биомасса-шығу тегі биологиялық болып табылатын массаның жиынтығы»;

- «биогаз-мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының органикалық қалдықтарының, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтардың қыздырылуының нәтижесінде алынатын газ»;

- «жел электростанциясы-жел энергиясын электр энергиясына айналдыруға мүмкіндік беретін түрлі құрылыстар мен құрыл-жабдықтар кешені»;

- «геотермалды энергия-жер қойнауындағы физико-химиялық процесстердің нәтижесінде радионуклеидтердің бөлінуі есебінен пайда болатын жылу энергиясы (жер қабатының, жер асты суының, өзендер мен су объектілерінің жылуы)»;

- «шағын гидроэнергетика-қуаттылығы отыз бес мегаваттқа дейін болып келетін электр энергиясы қондырғыларына арналған судың гидродинамикалық энергиясын электр энергиясына айналдыруға негізделген энергетика саласы;

- «күн электростанциясы-күн қызуы энергиясын электр энергиясына айналдыруға мүмкіндік беретін түрлі құрылыстар мен құрал-жабдықтар кешені».

3. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік энергетикалық саясаттың негіздерін қалыптастыратын және экологиялық қауіпсіздік талаптары мен дәстүрлі және жаңартылатын энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз ететін бірыңғай стратегиялық құжат жоқ. Соған байланысты Қазақстан Республикасының эколого-энергетикалық қауіпсіздігі Доктринасын құрастыру және қабылдау қажеттігі негізделген.

4. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың құқықтық режимінің ерекшеліктері бірнеше тиісті актлерден: ҚР Экологиялық кодексінен, ҚР Су кодексінен және ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңынан көрініс таппаған. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды реттейтін ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңында күн энергиясы мен шағын гидроэнергетиканы пайдалану мәселелерін реттейтін нормалар жоқ.

Энергия көздерінің көп түрлілігі мен оларды пайдалану ерекшеліктері ҚР Экологиялық кодексінен, ҚР Су кодексінен және ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңынан құқықтық көрініс табуы тиіс.

5. Диссертацияда қазіргі таңда ғылыми әдебиеттер мен заңнамаларда энергия көздерін баламалық, дәстүрлілік, сарқылмайтындық және жаңарушылық белгілері бойынша айқын жіктеулер келтірілмегені және оның өзі мемлекеттік бағдарламалар мен энергетиканың белгілі бір салаларын ынталандыру және аталған сала бойынша мемлекеттік стратегияны ұйымдық жағынан қайта құрастыру кезінде қарама-қайшылықтарға алып келетіні көрсетілген.

Автор өзінің шарттылық сипатына қарамастан заңнамалық және әкімшілік деңгейлерде балама энергия көздерін пайдаланатын субъектілерді ынталандыру және тұрақты даму тұжырымдамасын іс-жүзінде жүзеге асыру бойынша мәселелерді неғұрлым нақты шешуге мүмкіндік беретін энергия көздерінің бірыңғай жіктелуін құрастырды.

Табиғат қорларын сарқыллатын және сарқылмайтын деп бөліп қарастыру қажет (соңғысына негізінен су және климаттық ресурстар жатады). Өз кезегінде сарқыллатын қорларды жаңартылатын (өсімдік және жануарлар әлемінің өнімдері) және жаңартылмайтын (минералдық қорлар және т.б.) деп бөліп қарастыру қажет. Жаңартылатын қорлар-бұл тұтыну

мақсатымен жартылай алынғаннан кейін өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті табиғат қорлары.

Энергияның дәстүрлі көздеріне қазіргі таңда әлемдік энергетикалық тепе-теңдікте үстемдік құрып келе жатқан мұнай, табиғи газ, тас көмір және олардан алынатын өнімдерді, ал дәстүрлі емес көздерге (немесе басқаша айтар болсақ «балама») әзірге халық шаруашылығында көптеп қолданылмай келе жатқан энергия көздерін жатқызуға болады.

6. Энергетикалық нарықтардың нәтижелі қызмет етуі үшін цифровизациялау процесстері үлкен маңызға ие болады. ҚР қолданыстағы заңнамаларында энергетика саласында цифрлық технологияларды пайдалануды реттейтін нормалар іс-жүзінде жоқ. Соған байланысты энергетикалық жүйелер мен энергетика объектілерінің қызмет етуі кезінде цифрлық технологияларды пайдаланудың тәртібін анықтап беретін құқықтық база құрастыру ұсынылады.

7. Қазақстандағы энергетикалық қатынастардың қазіргі жағдайы Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуін есепке ала отырып энергияның әртүрлі түрлерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету және энергетикалық қатынастарды заңнамалық реттелуін жүйелеуді қамтамасыз ету мақсатымен ҚР энергетикалық кодексін құрастыру мен қабылдау қажеттіктерін негіздейді.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеудің теориялық маңыздылығы оның ережелері өз жиынтығында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін тұтасымен ұғынуды қалыптастыратындығынан тұрады.

Зерттеу нәтижесінде құрастырылған қорытындылар энергетикалық құқық және экологиялық құқық ғылымдарын толықтырады және дамыта түседі.

Теориялық ережелер мен қорытындылар «Энергетикалық құқық» және «Экологиялық құқық» оқу пәндерін оқыту үшін оқу процессінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы энергетикалық және экологиялық құқықтың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Бұл жұмыстың маңыздылығы оның нәтижелерін тәжірибелік қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарында, магистратура мен докторантурада пайдалану мүмкіндігінің бар екендігінде, сондай-ақ оқу және тәжірибелік құралдар әзірлеу, зерттеу тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулықтар құрастыру кезінде жаңа ғылыми зерттеулер жүргізу мен ғылыми пікірталастар жүргізу үшін негіз бола алатын мүмкіндіктерінен тұрады. Осы зерттеудің нәтижелері мемлекеттік органдардың құқық шығармашылық және құқықты қолдану қызметінде, қолданыстағы заңнамаларды одан әрі дамыту мен жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертация нәтижелерінің апробациясы.

Диссертация Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, азаматтық - құқықтық пәндер кафедрасында орындалды және талқыланды.

Зерттеу нәтижелері ғылыми басылымдарда ғылыми мақалаларды жариялау, түрлі деңгейдегі конференцияларға қатысу, «Экологиялық құқық» пәнін оқыту үшін оқу-әдістемелік материалдарды дайындау арқылы жүзеге асты.

Жарияланымдар.

Теориялық-әдіснамалық сипаттағы негізгі ережелер мен зерттеулердің нақты нәтижелері халықаралық, аймақтық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды және мерзімді заң басылымдарында, оның ішінде РИНЦ деректер базасына кіретін журналдарда жарияланды.

Диссертацияда баяндалған ережелер, автордың тұжырымдары мен ұсыныстары мынадай журналдарда жарияланған жұмыстарда көрініс тапты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ережеге сәйкес, автордың мақалалары уәкілетті орган бекіткен ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі - басылымдар тізбесі) кіретін ғылыми басылымдарда басылып шықты.:

- The Problem of Providing Legal Groundwork for the Balance of Traditional and Alternative Energy Development in the Context of Kazakhstan's Shift to Green Energy // - Journal of Advanced Research in Law and Economics, University of Craiova, Romania. IX, Issue 5(35), Fall 2018. - P. 1716-1728.

- TO THE QUESTION OF THE CONCEPTUAL DEVICE OF THE LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN "ON SUPPORT OF THE USE OF RENEWABLE ENERGY SOURCES" // Journal ANNOUNCEMENTS OF UNION OF SCIENTISTS – SLIVEN Announcements of Съюза на ученике Union of Scientists Sliven, vol. 33 (1), 2018. - P.143-145.

- «Международно-правовые идеи регулирования энергетических отношений» // Вестник Кыргызского национального университета имени Жусупа Баласагына Ежеквартальный научно-образовательный и информационный журнал Специальный выпуск. (S) – 2019.- С.277-281.

- «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасы заңының түсінік аппараты туралы мәселе // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, халықаралық ғылыми журнал. - 2018.- №4 (62) – 40-43 б.

- История и становление правового регулирования энергетических отношений // Наука и жизнь Казахстана, международный научный журнал. - 2019. - №7/1 – С.72-75.

- Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігінің негіз құраушы факторы ретінде // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, халықаралық ғылыми журнал. - 2019. - №8/3 – 58-61б.

- «Зеленая экономика» и экологическая функция государства // Вестник Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета. – 2018. - № 2 (38). - С.32-35.

- ЕАЭО шеңберінде энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеу // Қазақ инновациялық гуманитарлық -заң университетінің хабаршысы. – 2018 - № 4 (40). – 46-49 б.

- Шет мемлекеттерінің жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамыту саласындағы уәкілетті органдарына салыстырмалы құқықтық талдау // Қазақ инновациялық гуманитарлық -заң университетінің хабаршысы. - 2019. - № 1 (41). – 38-41б.

- Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамыту саласындағы шет мемлекеттердің уәкілетті органдарына салыстырмалы құқықтық талдау // Сборника материалов IV Международной научно-практической конференции «Членство в ВТО: перспективы научных исследований и международного рынка технологий» г. Ванкувер, Канада, 23-25 октября_2019. – II том. - P.37-42.

- Қазақстан Республикасында эколого – энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық реттеу мәселесі // V Международная научно-практическая конференция «Менеджмент качества: поиск и решения» г. Сан-Франциско (Калифорния, США) 27-29 ноября 2019. С. 46-52.

- Қазақстан Республикасында энергетикалық қатынастар саласын қамтамасыз ету мәселелері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, халықаралық ғылыми журнал. - 2019. – 12/1 - Б. 84-88.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертация белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, сегіз бөлімшеден құралған, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттерден тұрады.